

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 11 шілде 2022 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының 50 шақырымдық учаскесін қайта жаңғыртудан кейін пайдалануға беру туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы қайта жаңартудан кейін «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының 449-499 км жаңадан салынған учаскесін қосуды аяқтады.

Ұзындығы 50 км су тарту учаскесін пайдалануға беру бойынша жұмыстарды «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары, Маңғыстау және Атырау мұнай құбыры басқармаларының қызметкерлері орындады. Реконструкциялауды жүргізу «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық құбырының желісі сенімділігін арттырады, сондай-ақ Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушылары үшін суды үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС Қазақстанның батыс өңірінде су тұтыну көлемінің жыл сайын артып келе жатқанын ескере отырып, сондай-ақ тозған құбырларды жаңарту мақсатында «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту» инвестициялық жобасын іске асыруда. Жоба қорытындысы бойынша су тарататын құбырдың су өткізу қабілеті тәулігіне 170 мың текше метрге дейін артады деп жоспарлануда.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ - Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымы – «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС жалпы ұзындығы 1945,1 км «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры бойынша су жеткізу бойынша қызметтер көрсетеді, «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының жолы Атырау және Маңғыстау облыстарының аумағы арқылы өтеді. 2021 жылы тұтынушыларға 29 387122 текше метр су жеткізілді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**